

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! 1 сәуірде заң жобасын бірінші оқылымда талқылау барысында атап өтілгендей, «Ардагерлер туралы» Заң жобасы ардагерлер санаттарын жүйелендіруге және оларды әлеуметтік қолдау шаралармен реттеуге бағытталған.

Сонымен қатар заң жобасында басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдары ардагерлерін дербес санатқа жатқызу көзделеді.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар бірқатар түзетулер енгізді.

Бірінші. Жергілікті өкілді органдардың, ұйым басшыларының әлеуметтік қолдау мен жеңілдіктердің қосымша шараларын белгілейтін, сондай-ақ ардагерлер мен осы заңның күші қолданылатын адамдарға материалдық және басқа да көмек түрлерін көрсету құқықтары нақтыланды.

Екінші. Заң жобасының жекелеген нормаларын Еңбек кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді.

Бұдан басқа редакциялық және стилистикалық сипаттағы ескертулері мен ұсыныстары бар бірқатар нормалар пысықталып, нақтыланды. Жалпы, заң жобасының мазмұны сапасы жағынан жақсартылды.

Қорытындылай келе, құрметті депутат әріптестеріме заң жобасымен жұмыс істеуде көрсеткен қолдаулары мен қосқан үлестері үшін жеке алғысымды білдіремін.

Осы айтылғандарды ескере отырып, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бейбіт Баймағамбетұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамамен қалғатасыз ету
Билданың сектор меңгерушісі
Маш Н. Шайғынғазов.*